Білім беру тапсырысын орналастыру туралы шарт
№540

Қызылорда қаласы 02.04.2025 ж.

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын Қызылорда облысының білім басқармасының "Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ережесі негізінен әрекет ететін бөлім басшысының міндетін атқарушы Есдаулетов Нурбек Кулбаевич бір тараптан және бұдан әрі Тапсырыс орындаушы деп аталатын Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Мүлкаман Қалауов атындағы Қызылорда қаласының өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін басшының міндетін атқарушы Кожатаева Жадыра Мусилимовна екінші тараптан, «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Тапсырыс орындаушы Қызметті оның ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметті қабылдауға және Тапсырыс орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді: **055-011-159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу (Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде балалар мен жасөспірімдерге қосымша білмі беру міндеттерін орындау)**

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма;

3) Шартты орындауды қамтамасыз ету.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (Форс-мажор)" – төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;

2) "Көрсетілетін қызмет" – өндіріс процесін және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қоспағанда, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне сапалы және қауіпсіз тәрбиені ұсыну;

3) "Тапсырыс беруші" –білім беру ұйымы;

4) "Тапсырыс орындаушы" – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке

тұлға немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

5) "Шарт" – Тапсырыс беруші мен Тапсырыс орындаушы арасында жасалған, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

6) "Шарттың бағасы" – Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Тапсырыс орындаушы шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома. Тараптар осы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1.Шарттың жалпы сомасы **300 000 (үш жүз мың) теңгені** құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қамтиды, оның ішінде ҚҚС төлеуші болып табылмайды.

2.2. Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Тапсырыс орындаушы есеп шотына ақшалай қаражат аудару "төлем шарты" арқылы жүргізеді. Қызмет көрсету актісінің нысанын беруші Тапсырыс берушімен алдын ала келіседі.

2.3. Атқарылған қызмет актісі бойынша нақты есептелінген қаржы келесі айдың 10-шы жұлдызына дейін төленеді.

2.4. Көрсетілетін қызметтердің көлемі сандық және құндық мәнде техникалық тапсырмада айтылған.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Тапсырыс орындаушы:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамада, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Шарттың талаптарын орындау үшін Тапсырыс орындаушы тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндетті. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуі тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз әрекеттерден туындаған өзіне келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

7) Көрсетілген қызметтер актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге жіберуге;

3.2. Тапсырыс орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін төлемді талап етуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) Қызметтер көрсету үшін Тапсырыс орындаушы мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) Көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Тапсырыс орындаушыға жазбаша хабарландыруға;

3) Қызметті қабылдау кезінде Көрсетілген қызмет актісіне қол қоюға не оның қабылданбауының дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) Көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Тапсырыс орындаушы жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) Осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің сапасын тексеруге құқылы.

4. Қызметтердің техникалық тапсырмаға, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Тапсырыс беруші Тапсырыс орындаушы осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде көрсетілетін Қызметтер техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

5. Қызметтер көрсету

5.1. Тапсырыс орындаушы қызметтерді көрсетуі Шартта көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2. Қызмет Тапсырыс орындаушы техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға дәл сәйкес келетін қызметті Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда көрсетілген болып есептеледі.

6. Кепілдік

6.1. Тапсырыс орындаушы Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік береді (мемлекеттік сатып алу порталына уақытында атқарылған жұмыс актісін тіркеу және т.б).

6.2. Тапсырыс беруші Тапсырыс орындаушы осы кепілдікке байланысты барлық талаптар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, содан кейін Тапсырыс орындаушы Тапсырыс беруші хабарламада белгілеген мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1. Шарт "Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркегеннен кейін/қол қойылған күнінен бастап" күшіне енеді және "31.12.2025" жылы әрекет етеді.

8.2. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Тапсырыс орындаушы Шарттың бұзылуына байланысты бұзылу күніне жұмсалған нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

8.3. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау мақсатсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі.

9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілікте болмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тапсырыс орындаушы Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдарын, табиғи немесе дүлей апаттарды және басқа да жағдайларды қамтуы мүмкін.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Тапсырыс орындаушы тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Тапсырыс орындаушы Шарт бойынша өз міндеттерін

мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Тапсырыс орындаушы тікелей келіссөздер процесінде Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Тапсырыс орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Шартта реттелмеген бөлік бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші: "Қызылорда облысының білім басқармасының "Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тапсырыс орындаушы: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімің «Мұлкаман Қалауов атындағы Қызылорда қаласының өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
м/ж: Қызылорда облысы, г.Кызылорда, Д. Қонаева, 25 БСН 060140014083 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ70070102KSN3301000 "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ Тел.: 709	м/ж: Қызылорда облысы, г.Кызылорда, Айтеке би,7 БСН 990140004614 БИК KCJBKZKX ИИК KZ478562203134936314 «Банк Центр Кредит» АҚ Тел.: 308001
Басшысының міндетін атқарушы Н.К. Есдаулетов	Басшы Кожагаева Ж.М.

Договор о размещении образовательного заказа
№540

г. Кызылорда 02.04.2025 г.

От имени коммунального государственного учреждения "Отдел образования по городу Кызылорда" Управления образования Кызылординской области, далее именуемого заказчиком, исполняющий обязанности руководителя отдела образования Есдаулетов Нурбек Кулбаевич с одной стороны и далее именуемый исполнителем заказа Коммунальное государственное казенное предприятие "Школа искусств города Кызылорда имени Мулькамана Калауова" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области", Действующих на основании Устава в лице исполняющей обязанности директора Кожатаевой Жадыры Мусилимовны с другой стороны, с учетом потребностей рынка труда В соответствии с приказом министра образования Республики Казахстан от 27 августа 2022 года № 381» Об утверждении Правил размещения государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, среднее образование, Дополнительное образование детей и подготовку кадров с техническим и профессиональным, послесредним образованием с учетом потребностей рынка труда заключили настоящий Договор (далее – договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1. Предмет договора

1.1. Исполнитель заказа обязуется оказывать услугу в соответствии с условиями, требованиями и ценами, указанными в техническом задании, являющемся его неотъемлемой частью, а Заказчик обязуется принять оказанную услугу и оплатить ее на условиях настоящего Договора в случае надлежащего исполнения исполнителем заказа своих обязательств по договору: **055-011-159 Оплата прочих услуг и работ (Обеспечение образовательной деятельности дополнительному образованию детей и подростков в рамках государственного образовательного заказа)**

1.2. нижеприведенные документы и изложенные в них условия составляют настоящий договор и являются его неотъемлемой частью, а именно:

1) настоящий Договор;

2) техническое задание;

3) обеспечение исполнения договора.

1.3. в настоящем Договоре нижеприведенные понятия подразумевают следующее толкование:

1) "Стихийная сила (Форс-мажор)" – чрезвычайные и непреодолимые события (стихийные явления, военные действия и другие). К таким событиям, в частности, не относится отсутствие на рынке товаров, необходимых для выполнения обязательства;

2) "Услуга" – предоставление качественного и безопасного воспитания воспитанникам организаций дошкольного образования, не включая производственный процесс и производство товаров и кулинарной продукции;

3) "Заказчик" – организация образования;

4) "Исполнитель заказа" - физическое или юридическое лицо, осуществляющее предпринимательскую деятельность, выступающее в качестве его контрагента в договоре с заказчиком (за исключением государственных учреждений, если иное не установлено законами Республики Казахстан);

5) "Договор" – гражданско-правовой акт, заключенный между заказчиком и исполнителем заказа, изложенный в письменной форме в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан, подписанный сторонами вместе со всеми приложениями и дополнениями к нему, а также со всей документацией, содержащей ссылку в договоре;

6) "Цена договора" – сумма, уплачиваемая заказчиком в рамках договора исполнителем заказа за полное исполнение договорных обязательств.

Стороны не несут ответственности в случае полного или частичного неисполнения своих обязательств по настоящему Договору, если это является результатом непреодолимой силы.

2. Сумма договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма договора составляет **300 000 (триста тысяч) тенге** и включает в себя все расходы, связанные с оказанием услуг, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе не являются плательщиками НДС.

2.2. Оплата за оказанные услуги производится заказчиком не позднее 30 (тридцати) календарных дней со дня подписания Сторонами акта оказанных услуг посредством "договора оплаты" перечисления денежных средств на расчетный счет исполнителя заказа. Форма акта оказания услуг предварительно согласовывается поставщиком с заказчиком.

2.3. Оплата по акту выполненных услуг, производится до 10 числа следующего месяца.

2.3. Объем оказываемых услуг в количественном и стоимостном выражении изложен в техническом задании.

3. Обязательства сторон

3.1. Исполнитель заказа:

1) Обеспечить полное и надлежащее исполнение взятых на себя обязательств по договору;

2) Обеспечивать соответствие оказываемых услуг при исполнении своих обязательств по договору требованиям, указанным в конкурсной документации, техническом задании;

3) Не раскрывать содержание технической документации, представленной Заказчиком или от его имени другими лицами, без предварительного письменного согласия Заказчика, за исключением персонала, привлеченного заказчиком для выполнения условий договора. Указанная информация должна предоставляться данному персоналу конфиденциально и в той мере, которая необходима для выполнения обязательств;

4) Не использовать вышеуказанные документы и информацию в целях, отличных от цели реализации договора, без предварительного письменного согласия Заказчика;

5) По первому требованию заказчика предоставлять информацию о ходе исполнения обязательств по договору;

6) Возмещение заказчику в полном объеме причиненных ему убытков, вызванных ненадлежащим исполнением поставщиком условий договора и/или иными неправомерными действиями;

7) Оформление и направление заказчику акта оказанных услуг.

3.2. Исполнитель заказа вправе требовать от заказчика оплаты за услуги, оказанные по договору.

3.3. Заказчик:

1) Обеспечить доступность специалистов исполнителя заказа для оказания услуг;

2) При выявлении несоответствий оказанных услуг незамедлительно письменно уведомлять исполнителя заказа;

3) Подписывать акт оказанной услуги при приеме услуги либо отказывать в приеме с указанием мотивированных оснований его отклонения;

4) После утверждения акта оказанных услуг принимать счет-фактуру, выписанный заказчиком в электронной форме через информационную систему электронных счетов-фактур в соответствии с правилами выписки счета-фактуры в электронной форме в информационной системе электронных счетов-фактур;

5) Производить оплату в порядке и сроки, установленные настоящим Договором.

3.4. Заказчик вправе проверить качество оказанных услуг.

4. Проверка соответствия услуг техническому заданию, конкурсной заявке

4.1. Заказчик или его представители могут проводить контроль и проверку на предмет соответствия оказываемых услуг требованиям, указанным в конкурсной документации. Заказчик должен своевременно письменно уведомить исполнителя заказа о своих представителях, установленных для этих целей.

4.2. Услуги, оказываемые в рамках настоящего Договора, должны соответствовать или превышать стандарты, указанные в техническом задании, конкурсной заявке.

5. Оказание услуг

5.1. Оказание услуг исполнителем заказа осуществляется в сроки, указанные в договоре.

5.2. Услуга считается оказанной в случае полной сдачи заказчиком услуги, которая точно соответствует требованиям, указанным в техническом задании исполнителя.

6. Гарантия

6.1. Исполнитель заказа гарантирует заказчику обеспечение бесперебойного, качественного и своевременного обслуживания (своевременная регистрация акта выполненных работ на портале государственных закупок и др.).

6.2. Заказчик обязан оперативно уведомить заказчика в письменном виде обо всех требованиях, связанных с настоящей гарантией, после чего исполнитель

заказа должен принять меры по устранению недостатков за свой счет, включая все связанные с этим расходы, в сроки, установленные заказчиком в уведомлении.

7. Ответственность сторон

7.1. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Сторонами своих обязательств в рамках настоящего Договора все споры и разногласия разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

8. Срок действия и условия расторжения договора

8.1. Договор вступает в силу" после его регистрации заказчиком в территориальном подразделении казначейства Министерства финансов Республики Казахстан/со дня подписания "и действует до "31.12.2025".

8.2 При расторжении договора в связи с вышеуказанными обстоятельствами исполнитель заказа вправе требовать оплаты только за фактические затраты, понесенные на дату расторжения в связи с расторжением договора.

8.3. Договор может быть расторгнут по соглашению сторон в случае нецелесообразности его дальнейшего исполнения. В уведомлении указывается причина расторжения договора, указывается объем аннулированных договорных обязательств, а также дата вступления в силу расторжения договора.

9. Сообщение

9.1. Любое уведомление, направляемое одной стороной другой стороне в соответствии с договором, направляется оплаченным заказным письмом или по телеграфу, телексу, факсу, телефаксу либо через веб-портал.

9.2. Уведомление вступает в силу после его доставки или в указанную дату вступления в силу (если указано в уведомлении) в зависимости от того, какая из этих дат наступит позже.

10. Форс-мажор

10.1. Стороны не несут за это ответственности, если неисполнение условий договора является результатом форс-мажорных обстоятельств.

10.2. Исполнитель заказа не несет ответственности за уплату неустойки или ее расторжение в связи с неисполнением условий договора, если задержка исполнения договора является результатом форс-мажорных обстоятельств.

10.3. Для целей договора "форс-мажор" означает событие неподвластного контролю сторон и непредвиденного характера. Такие события могут включать военные действия, стихийные бедствия или стихийные бедствия и другие ситуации.

10.4. При возникновении Форс-мажорных обстоятельств исполнитель заказа должен незамедлительно направить заказчику письменное уведомление о таких обстоятельствах и их причинах. Если от заказчика не поступят другие письменные инструкции, исполнитель заказа продолжает максимально выполнять свои обязанности по договору и ищет альтернативные способы исполнения договора, не связанные с форс-мажорными обстоятельствами.

11. Решение спорных вопросов

11.1. Заказчик и исполнитель заказа в процессе прямых переговоров должны приложить все усилия для разрешения всех разногласий или споров, возникающих между ними по договору или в связи с ним.

11.2. Если в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после начала таких переговоров заказчик и исполнитель заказа не могут разрешить спор по договору, любая из сторон может потребовать решения этого вопроса в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

12. иные условия

12.1. Налоги и другие обязательные платежи в бюджет подлежат уплате в соответствии с налоговым и таможенным законодательством Республики Казахстан.

12.2. Любые изменения и дополнения к Договору заключаются в той же форме, что и форма заключения договора.

12.3. По части, не урегулированной Договором, Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан.

13. Реквизиты сторон

Заказчик: Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования по городу Кызылорда" управления образования Кызылординской области"	Исполнитель заказа Коммунальное государственное казенное предприятие школа искусств им.М.Калауова отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области
Кызылординская область, г. Кызылорда, Д. Кунаева, 25 БСН 060140014083 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ70070102KSN3301000 РГУ " Комитет казначейства Министерства финансов РК Тел.: 709463	Г.Кызылорда Айтеке би,7 БИН 990140004614 БИК KCJBKZKX ИИК KZ478562203134936314 АО «Банк Центр Кредит» Тел: 308001
И.О.руководителя Н. К. Есдаулетов	Руководитель Ж.М.Кожатаева